

Бородулиха аудандық мәслихатының "Жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы" 2021 жылғы 26 қаңтардағы № 3-3-VII шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2021 жылғы 8 қазандағы № 9-8-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 21 қазанда № 24837 болып тіркелді

Бородулиха аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Бородулиха аудандық мәслихатының "Жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы" 2021 жылғы 26 қаңтардағы № 3-3-VII (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8400 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

1- тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандарға бюджет қаражаты есебінен қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат хатшысы

У. Майжанов